



Өкпек жолаушы

Қуыршақ театры – сиқырлы, сырлы, мың бояуы өзгеше өнер, оның өз әлемі, өз үні, өз кеңістігі бар. Алайда қуыршақ театры актерін дайындаудың да мекенаты аз емес. Біз бүгін М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті «Мәдени тынығу және сахналық қызмет» кафедрасының аға оқытушысы, Қуыршақ театрының актері мамандарын дайындап жүрген ұстаз Алтынай Жүнісәлиевамен сұхбаттасып, қазіргі қуыршақ театрының жай-күйін, негізгі мәселелері төңірегінде әңгіме өрбіттік.

Алтынай ЖҮНІСӘЛИЕВА:

ҚАЗАҚ ҚУЫРШАҚ ТЕАТРЫНА

РЕВОЛЮЦИЯ ҚАЖЕТ

– Алтынай Батырханқызы, жалпы бұл қуыршақ өнеріне қалай келдіңіз? Еліміздегі қуыршақ өнеріне деген көзқарасыңыз қандай?

– Университетімізде өнерді сүйетін, талантты балалар өте көп, болашақ жастардың қолында. Сондықтан қуыршақ өнеріне түбегейлі революция керек секілді. Оны жасайтын өнерлі жастарды дайындайтын біздер. Совет өкіметі кезі, біздің балалық шақ өзгеше болды ғой. Әкенің қас-қабағынан именіп, шешенің алақанына қарап өстік, қиын-қыстау кезде әр нәрсенің қадір-қасиетін біліп өскен ұрпақ болдық. Сондықтан әрбір дүние біздің көз алдымызда сиқырлы-сырлы, сұлу болып көрінетін. Балшықтан, ағаштан, қамыс-

– Мамандық дайындау барысында қандай жаңалықтарыңыз бар? Ресеймен салыстыра айтып берсеңіз.

– Мамандығымызға қол пластикасы, қуыршақ технологиясы пәнін енгізгенбіз. Сол еңбегімізді неге жасырамыз, біздің зерттеу нысанымыз балалар ғой деп көпшілік қауымға оқушылар сарайында қойылымдарымызды көрсеттік. Сол сарайдың ұжымы өнерімізге төнті болды. Негізі бұл таңсық болмау керек. Еліміздегі өнер факультеттері мен балалар сарайы бірлесіп жеткіншектер үшін жұмыс істесе, біз балаларға көптеген жақсы дүниелерді көрсету арқылы жан-жақты тәрбие берген болар едік. Біз қазір экономика техникалық даму жағын қолға алып

рас болып жатыр. Опера театрында зам директор болып жүргенімде таныстығымды пайдаланып, билет өткізуге медиктер ұжымына бардым. Директор операға барыңыздар, опера тындап, сергіп қайтыңыздар дегенде врач: «қайтеміз операны, тойдан тындап жүрміз» деді, не сөйлерімді білмей тосылдым. Тойдың әншісі де, опера әншісі де, филармонияның

әншісі де тойға шығып кеткен, қол-жетімді. Тойдың әншісін бөлу керек, кәсіби сахнаның өртістерін бөлек қойып, зандастыру қажет.

Кезінде Игорь Николаевич деген ұстазымызға «ағай, қандай баға қоясыз» дейтінбіз, ол кісі: «сен қандай баға қалайсың?» деп, өзімізден сұрайтын. Ол кісінің айтатыны: «біз баға бермеуіміз керек, балалардың қабылдауы, қаншалықты разы болады, баланың көңілінен қаншалықты шығасың, сол сенің бағаң болу керек» деп жауап беретін. Сондықтан әрбір жасалған дүние балалар үшін болуы керек.

– Тарихта қуыршақ театры болмаған деген пікір бар.

– Балалар жүрген жерде ойыншық пен қуыршақ жүретіні

орыстар болды. Олар арнайы қуыршақ режиссерлері ретінде дайындалды. Ал бүгінде режиссер тұрмақ қуыршақ актерлерін дайындауға да мән бермей жатырмыз. Сол үшін режиссер тапшы, көбінесе шет елден, Ресейден режиссер шақыратынымыз содан. Ол режиссерлер қазақтың Алпамыс, Қобыланды батырын емес, Гамлетті қояды.

– Балалар театрындағы көрермендердің жас ерекшелігі туралы не айтасыз?

– Қуыршақ театрында сахнаның тарихи эстетикасын сақтау керек. 3–7 жастағы бұлдіршінге көңілді, қуанышты, күлкілі, қызықты баланың қабылдауына жеңіл түсінікті болғаны жөн. Жетіден жоғары тарихи дүниелерді кіргізе бастаймыз. Одан 12 жастан жоғары қарай өмір философиясына мән береміз. Мен кіммін, маған не керек, болашақта кім болам? Маңайымдағы кісілермен қарым-қатынас, қоршаған ортаны тану. Әлемдік кереметтерге мән беру қуыршақ театры репертуарын түзу барысында басты назарға алынуы тиіс. Осы қағидаларды мектептегі оқу бағдарламасымен үйлестіріп, театр репертуарын жан-жақтылыққа құру маңызды.

– Қуыршақ театрындағы режиссураның барысын қалай таратар едіңіз?

– Өзгені көшіре беру, өзіндегі барды көрмеу ең жаман қасиет. Байқасақ шет елден шақырылған режиссерлерге берілетін қаржы өте қомақты, ал отандық режиссерлерге сол гонорардың жартысын берсе өзімізде де мықты шешім шығаратын режиссерлер табылады. Өйткені өз ұлтының қыры мен сырын қазақтан өзге кім біледі? 2023 жылы Шымкентте өткен қуыршақ фестивалінде Польшадан келген спектакльде көрермен балалардың барлығын сахнаға шақырды да, сиқырлы кітаптың бетін аша қойды, арасынан қағаздан қайық жасады, самолет шығарып ұшырды, ақырында сол қағаздарды умаждап, балаларға атып, ойынға айналдырды. Бұл не мазақ?! Осындай спектакльді іріктеуден өткізген кім?! Неге жұмбақ көп бізде?! Польшадан келген спектакльдің түрі осы болды. Сонымен Индиядан келген ұжым көлеңкелі қуыршақ өнерін көрсетеді деді. Тек 12 жастан жоғары қарай деп шектеп,



тан, қағаздан түрлі нәрсе жасап, әр жасаған бұйым көзімізге ыстық көрініп, разы боп ойнайтынбыз. Соның әсерімен сонау шалғай Ресейге барып-қуыршақ өнерінің қыр-сырын білуге оқуға аттандық. Әкем-айтатын: «Қызым-ау, сонау Ресейде не жоғалттың, түсіп тұрған оқуыңды тастап кеткендегің қуыршақ» деп ренжіген. Ал мен болсам, «өке, мүмкін емес, бұл өнердің де күні туады, бұл өнерді бағалайтын ұрпақ келеді, бұл өнердің жемісін мен өлі-ақ жеймін» дейтінмін. Біресе тоқ, біресе қара нанға зар болып, қырық градус сібірдің аязында тоңып, жатақханаға жете алмай сахнаның артына ұйықтап, ертеңіне бетімізді жуа сап, сабаққа қатысып жүрген қиын-қыстау кездерде өнер үйренгеніме еш өкінбеймін. Сол кездер маған өнерді өбден електен өткізіп қарауды үйреткен екен. Сондықтан шығар, қуыршақ өнерінің уызына қанып, осы өнерге бір өзгеріс енгізейікші, бәрін жаңаша бастап көрейікші, қуатымыз бойымызда тұра бермейді, еліміздегі жастарға сарқып беріп өнер үйретейікші десең, кейде тыңдайтын құлақ таппай қаламын.

Бізге сабақ беріп, өнерге баулыған профессорлардың барлығы өнердің үлкен фанаттары, жанашырлары болды. Сол кезде Ленинград, бүгінгі Санкт-Петербургте қанша қуыршақ театры бар? Әр ауданда бір-бір театр, Питердің өзінде отыздан астам қуыршақ театры бар. Ал біздің кең байтақ Қазақстанда айналдырған тоғыз театр. Соның өзі еңсесін көтере алмай, бойын тіктей алмай тұр. Өйткені қуыршақ театрына, балалар театрына көңіл бөлініп отырған жоқ. Оның бір себебі – әр театрға өз саласының кәсіби мамандары барып жатқан жоқ. Мен бұған қатты қиналамын... Біз кейде балаларға ұрысып жатамыз: «өй сен адам болмассың, өй сенен түк шықпайды» деп сыбаймыз. Қолымызды мезгілінен кеш сермейміз. Өзіміз балаларға не беріп жатырмыз, біздің балалар не көріп жатыр. Өзіміз неге жөн-жосық, жол көрсете алмай жатырмыз. Ұлттық тарихымызды сахнадан көрмейді, керісінше, әлеуметтік желіден жамандықтың түр-түрін көріп жатыр, бұған жол ашып қойғанбыз.


Қуыршақ театры актерін дайындау ісі қалай жүзеге асуда?

— Университет тарапынан біраз қолдау көрсетілді, дегенмен кейбір басшылар бұл өнерді сүймегендіктен қанатын жайып, өркендеуге қарсылық білдіріп: «Қайтесіз ол қуыршақты, тіпті концерттік залдарға билет сатылмайды, өкімшіліктер арқылы қинап-қыстап, өрең билет өткізіп жатамыз. Концертке бара алмай жатқан халық сенің қуыршағыңды не істейді» деген сөздерге қатты ренжідім. Мүмкін өлде де терең ізденістер керек шығар деп, күте тұруды жөн санадық.

жатырмыз. Кезінде мәдениеттанудан сабақ берген профессор апайымыз айтушы еді: «Экономика мен техниканы прогресс қылмау керек, ең бірінші мәдениетті көтеру керек. Өйткені адамның рухани мәдениетін көтермейінше ол ел еш уақытта дамымайды» деп. Бір мысал, бүгінгі күні балалардың ойнайтын алаңдарына дейін толық жабдықтап беріп жатыр, ал аз уақыттан кейін өлгі алаңдар



сынған, бүлінген. Неге олай?! Өйткені мәдениет жетіспейді, тегін келген дүние ғой деп жеңіл қарайды, өз елінің бұйымын ұқыптап ұстап, жанашырлық таныту, қоршаған ортаны қорғау жетіспей жатыр деген сөз. Түркістан көркейіп, жаңа қала болып жатыр, өкімнің орынбасарына барып «балалардың тарихи этноқуыршақ театрын ашайықшы» деген бастама көтергенімде: «театрлар бар қазір, сол бар театрға апара алмай жатырмыз ғой» дегеніне ойланып қалдым. Ал Петербургте қуыршақ театрына бір ай бұрын алмасаң билет жоқ. Бір аптадан кейінгі спектакльге сөйлесіп, жағдайымды айтып, ең соңғы қатарға өрең билет алдым. Тіпті кей ата-аналар өздері кірмей балаларын кіргізіп, «хорошего просмотра!» деп, шығып бара жатқанын көзіммен көрдім. Спектакль басталды. Қойылым мәтіні бойынша принц, принцессаны қалың ұйқыдан оятуы керек, принц сүйген кезде найзағай сияқты күшті шарт-шұрт еткен қатты жағымсыз музыкамен беріп, селт еткізді. Сонда жанымыздағы 10-11 жасар Ваня мен Иван «Тетинка, вы испугались да?» деп тақ етті, «нуу да» деп, көзімді жыпылықтата жауап бердім. «Здесь постановщик режиссер неправильно поставил!» деп кішкентай көрермен сын айтып отыр, ал біздің 10 жасар балалар не істеп жүр, қойылымға сын айтпақ тұрмақ бүлдіріп, өздерінің ойын алаңдарын сындырып жүр. Көргендері зорлық пен зомбылық. Кері тәрбие алып, теріс нәрселерді көріп, психологиялары бұзылып жатқанына жанымы ауырып, көзіме жас келеді, қиналамын. Қазір жеңіл көңіл көтеру, той-думанға қалай қарайды, театрға да сондай көзқа-



шаға айтатын датын айта алмай, осындай көлеңкелі қуыршақ, ма-рионетка қуыршақ сияқты кейіпкерлердің аузына сөз салу арқылы, комедия мен сайқымазаққа сүйеніп, ойларын жеткізген. Сондықтан қуыршақ театрының тарихы сонау көне замандарда жатыр. Мәселен, «Ақсақ құлан» күйінің тарихына мән берейік. Петрушка да солай дүниеге келген. Біз оқығанда біздің арамызда жеті қуыршақ режиссері бітіріп шықты. Олар Колумбиядан (Америкадан) Глория Перес Вальдес, Эдуарда Жапониядан, Маңголиядан Нора деген, қалғандары шет елдік

PS

Сөзімді сабақтап, сұхбат соңында өз ойымды да айта кетейін. Еліміздегі драма театрларының жанынан ашылып жатқан қуыршақ труппаларының көбейіп жатқаны қуантқанмен, шығармашылық дайындықтан өтпегені, кемеліне келіп, қуыршақ театрының майданында мақсат-мүдделеріне сай шыңдалмағаны қуыршақ театр фестивалдерінде бірден көзге түседі. Ондай труппалар қойған спектакльдер, шығармалығы төмен деп саналатын облыстық қуыршақ театрларының деңгейіне маңайлай алмағаны шындық. Бірақ алдағы уақыттан үміттеніп, жақсы қойылымдар күтеміз. Яғни бұл еліміздегі театрларға нағыз өз ісінің шеберлері қуыршақ театрының режиссерлері мен актерлері, қуыршақ жасаушы шеберлер мен суретшілер, т.б. толып жатқан кәсіби мамандардың жетпей жатқанын дәлелдейді. Сондықтан Ресей еліне барып немесе маманды елімізге шақыртып, қуыршақ жасаушы шеберлерді дайындау керектігі кезек күттірмейтін мәселе болып, бүгінгі күн тәртібінде тұр.

Қуыршақ театрындағы үлкен мәселе – балалар драматургиясының жоқтығы. Жазылып жатқан пьесалардың аздығы немесе сапасының төмендігі тағы бар. Балалар театрларына арналған драмалық шығармаларға бөйге жариялауды нақты жолға қойып, үздік шығармаларды жинақ етіп шығарып, балалар драматургиясына арналған сайттар арқылы жариялап, сан арқылы сапаға шығу жағын қарастырмасақ, сол бұрынғыдай қазақ баласын орыстың, шет елдің түрлі ертегілерімен тәрбиелеп, дүбәраның күйін кешіп отыра беретінімізге шүбһе келтірмейміз. Қуыршақ театры туралы сөз еткенде қасырға жуық тарихы бар Мемлекеттік қуыршақ театрының репертуарына мән беретініміз заңды. Соңғы сахналанған «Анасын аңсаған Мамонт», «Етік киген мысық», «Орман ғажайыптары» спектакльдерінің үшеуі де шет елдік авторлардан аударма әрі кеңес дәуірінде көптің жүрегің жаулаған мультфильмдерден алынған көшірме екенін байқадық. Жалқау, жатып ішер жігіт, дүниенің бәрін алдап, өз қожайынын патшаның қызына қосатын мысықтың іс-әрекеті қай балаға үлгі бола алады.

Ал қуыршақ театрының бүгінгі келбеті, жаңалығы дегенде көбінесе ересектерге арнап қойылған спектакльдер драмалық спектакль мен қуыршақ қойы-

жас балаларды кіргізбей есікте қалдырды. Жарнамаға неге жазылмаған, көлеңкелі театр балалар қорқады, шошиды деген жауап алған. Ақыры не болды дейсіз ғой, екі шарикты алып, көдімгі әйелдер мен ерлердің әжетханасын көрсеткен. Көдімгі көшедегі сайқымазақ.

— Мұндай жағдайлар талай рет болған, өкінішке қарай, ол мәселе талай рет айтылған.

— Яғни бізде менсінбеушілік, мән бермеушілік, жауапсыздық басым. Мұндай фестивальдерді өткізді деген атақ алғаннан, өткізбеген абзалырақ, қайырлы іс болар еді. Ал енді бұл мәселені айтсаңыз ұнамайсыз, сөзінді кеседі, жолынды бөгейді. Мұндай өресі төмен спектакльдер қатысқан фестивальді шын мәніндегі өнердің бөйгесі деп айта алмаймыз. Фестивальге өз ісінің шеберлері ғана келуі тиіс. Қазақстанға қуыршақ театрына жаны аштың кәсіби мамандар келмей жатыр. Қазақстанды көріп қайтуға сылтау болсын дегендей, шығармашылық үрдіске терең бойламай, жеңіл қарау байқалады.

лымдарының қосындысынан жасалған, қуыршақ актерінің драмадағыдай ойын кестелей жүріп қуыршақты екінші планға шығарып жібергені кәсіби мамандардың қарсылығын туғызды. Алайда мұндай бағыттағы қойылымдарды көрермендер жақсы қабылдағанына куә болғанбыз. Сондықтан бұл үрдісті қазақ қуыршақ театрындағы бір бағыт ретінде қалдырамыз. Қуыршақ театрының мақсаты мен мүдделеріне жауап беретін жас режиссер Антон Зайцев ұстанып отырған бағыт пен тың шешімдері көңіл толқытатыны рас. Үнемі ізденіс үстінде жүретін жас режиссердің сарқылмайтын қиялына, режиссерлік жаңаша трактовкаларына маман ретінде көңіл толады. Ал Г.Мүсірепов атындағы Балалар мен жасөспірімдер театрының жас көрермендерге арналған репертуары көңіл көншітпейді. Аталған театр ұжымы құстың қос қанатпен ғана ұша алатынын естен шығарып алған секілді. Репертуардың басым бөлігі жастар мен ересек көрермендерге арналғанын, соңғы кезде театр фестиваль қуып, шет елдерде өтетін театр мерекелерінен алған марапаттарына масайрап, жүлделерін қанағат тұтып отырғандары көпшілікке аян. Театрдың репертуарлық саясатына қырағы қарап, түрлі жастағы балаларға арналған спектакльдермен толықтыру басты мақсат болуы керектігін қатаң ескергендері жөн.

Бұл мәселелердің шешімі жоғарыда аталған ортақол театр фестивалдерінің шығармашылық деңгейін көтеру, қаржыны далаға шашпай, саннан сапаға көшу дер едік. Еліміздегі балалар театрларының өнерін алдымен республикалық деңгейдегі фестивальдерде сынап, сараптамадан өткізіп, тек жүйріктерді ғана театр фестивалдеріне қатыстыру жағын қолға алсақ алынбайтын қамал жоқ. Шет елден шақырылатын спектакльдерді кәсіби мамандардан құрылған арнайы кеңестің сараптамасы мен талқылауынан өткізсек, еліміздегі театр фестивалдерінің абыройы арта түсеріне сенім мол. Ел ертеңі балалар екенін ескеріп, балалар театрларының жұмысына жан бітіріп, қай салада болмасын балалар тақырыбына ерекше көңіл бөлу, жоғарыда отырған маман басшылардың тікелей міндеті.

Сұхбаттасқан Мәншүк ТАШИМОВА
театртанушы